

"Еуразиялық экономикалық одақтың тауар белгілері мен қызмет көрсету белгілерін тіркеу, құқықтық қорғау және пайдалану" жалпы процесін Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі ақпараттық өзара іс-қимылды регламенттейтін технологиялық құжаттар туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2025 жылғы 11 ақпандағы № 14 шешімі

Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және ақпараттық өзара іс-қимыл туралы хаттаманың (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 3 қосымша) 30-тармағына сәйкес және Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2014 жылғы 6 қарашадағы № 200 шешімін басшылыққа ала отырып, Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **шешті:**

1. Қоса беріліп отырған:

"Еуразиялық экономикалық одақтың тауар белгілері мен қызмет көрсету белгілерін тіркеу, құқықтық қорғау және пайдалану" жалпы процесін Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі ақпараттық өзара іс-қимыл қағидалары;

"Еуразиялық экономикалық одақтың тауар белгілері мен қызмет көрсету белгілерін тіркеу, құқықтық қорғау және пайдалану" жалпы процесін Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі ұлттық патенттік ведомстволардың арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламенті;

"Еуразиялық экономикалық одақтың тауар белгілері мен қызмет көрсету белгілерін тіркеу, құқықтық қорғау және пайдалану" жалпы процесін Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі ұлттық патенттік ведомстволар мен Еуразиялық экономикалық комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламенті;

"Еуразиялық экономикалық одақтың тауар белгілері мен қызмет көрсету белгілерін тіркеу, құқықтық қорғау және пайдалану" жалпы процесін Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру үшін пайдаланылатын электрондық құжаттардың және мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасы;

"Еуразиялық экономикалық одақтың тауар белгілері мен қызмет көрсету белгілерін тіркеу, құқықтық қорғау және пайдалану" жалпы процесіне қосылу тәртібі бекітілсін.

2. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

"Еуразиялық экономикалық одақтың тауар белгілері мен қызмет көрсету белгілерін тіркеу, құқықтық қорғау және пайдалану" жалпы процесін Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі ақпараттық өзара іс-қимыл қағидалары

I. Жалпы ережелер

1. Осы Қағидалар Еуразиялық экономикалық одақтың (бұдан әрі – Одақ) құқығын құрайтын мынадай халықаралық шарттар мен актілерге сәйкес әзірленді:

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарт;

2020 жылғы 3 ақпандағы Еуразиялық экономикалық одақтың тауар белгілері, қызмет көрсету белгілері және тауарлардың шығарылған жерлерінің атаулары туралы шарт (бұдан әрі – Шарт);

Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің "2020 жылғы 3 ақпандағы Еуразиялық экономикалық одақтың тауар белгілері, қызмет көрсету белгілері және тауарлардың шығарылған жерлерінің атаулары туралы шартты іске асырудың кейбір мәселелері туралы" (бұдан әрі – Нұсқаулық) 2021 жылғы 18 мамырдағы №53 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Жалпы процестердің сыртқы және өзара саудасын интеграцияланған ақпараттық жүйе құралдарымен іске асыру кезіндегі ақпараттық өзара іс-қимылды регламенттейтін технологиялық құжаттар туралы" 2014 жылғы 06 қарашадағы № 200 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінде деректерді электрондық алмасу қағидаларын бекіту туралы" 2015 жылғы 27 қаңтардағы № 5 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі жалпы процестер тізбесі және Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2014 жылғы 19 тамыздағы № 132 шешіміне өзгеріс енгізу туралы" 2015 жылғы 14 сәуірдегі № 29 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде жалпы процестерді талдау, оңтайландыру, үндестіру және сипаттау әдістемесі туралы" 2015 жылғы 9 маусымдағы № 63 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде жалпы процестерді іске асыру тәртібін бекіту туралы" 2016 жылғы 19 желтоқсандағы № 169 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының ""Еуразиялық экономикалық одақтың тауар белгілері мен қызмет көрсету белгілерін тіркеу, құқықтық қорғау және пайдалану" жалпы процесін іске асыру қағидаларын бекіту туралы" 2023 жылғы 20 маусымдағы № 80 шешімі.

II. Қолданылу саласы

2. Осы Қағидалар "Еуразиялық экономикалық одақтың тауар белгілері мен қызмет көрсету белгілерін тіркеу, құқықтық қорғау және пайдалану" жалпы процесін процесіне (бұдан әрі – жалпы процесс) қатысушылардың арасындағы осы жалпы процесс шеңберінде орындалатын рәсімдерді қоса алғанда, ақпараттық өзара іс-қимылдың тәртібі мен шарттарын айқындау мақсатында әзірленді.

3. Осы Қағидаларды жалпы процеске қатысушылар жалпы процесс шеңберіндегі рәсімдер мен операциялардың орындалу тәртібін бақылау кезінде, сондай-ақ осы жалпы процесті іске асыруды қамтамасыз ететін ақпараттық жүйелердің компоненттерін жобалау, әзірлеу және пысықтау кезінде қолданады.

III. Негізгі ұғымдар

4. Осы Қағидалардың мақсаттары үшін төмендегілерді білдіретін мынадай ұғымдар пайдаланылады:

"беру ведомствосы" – Одақтың тауар белгісіне өтінім берілген Одаққа мүше мемлекеттің ұлттық патенттік ведомствосы;

"мүдделі тұлға" – Одақтың тауар белгісіне өтінім беруге және Одақтың тауар белгісін болжамды тіркеуге байланысты құқықтары мен заңды мүдделері бұзылуы мүмкін немесе құқықтары Одақтың тауар белгісін құқықтық қорғауды тоқтату туралы немесе Одақтың тауар белгісіне құқықтық қорғауды беруді жарамсыз деп тану туралы шешімдерді қозғайтын жеке немесе заңды тұлға;

"өтініш беруші" – халықаралық шарттарға және беру ведомствосы мемлекетінің заңнамасына сәйкес беру ведомствосында тіркелген патенттік сенім білдірілген өкілді қоса алғанда, беру ведомствосына Одақтың тауар белгісіне өтінім берген жеке немесе заңды тұлға, оның ішінде көрсетілген тұлғаның өкілі;

"Одақтың тауар белгісіне өтінім, Одақтың ТБ өтінім" – тауар белгісін, қызмет көрсету белгісін немесе Одақтың ұжымдық белгісін тіркеу үшін қажетті мәліметтерді қамтитын құжат болып табылатын тауар белгісін, қызмет көрсету белгісін немесе Одақтың ұжымдық белгісін тіркеуге берілетін өтінім;

"мәліметтерді алуға мүдделі тұлға" – жеке немесе заңды тұлға, сондай-ақ Одаққа мүше мемлекеттердің мемлекеттік билік органдарының Одақтың тауар белгілерінің бірыңғай тізілімінен мәліметтерді алуға мүдделі өкілі, ол мәліметтерді Одақтың ақпараттық порталынан сұратады және алады;

"баж" – Одаққа мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес аударылатын Шартта көзделген заңдық маңызы бар іс-әрекеттерді жүзеге асырғаны үшін төленетін төлем;

"Одақтың тауар белгісі, Одақтың ТБ" – тауарларды, жұмыстарды және (немесе) көрсетілетін қызметтерді дараландыруға қызмет ететін және Одаққа мүше барлық мемлекеттердің аумақтарында бір мезгілде қорғалатын белгіні білдіретін тауар белгісі, қызмет көрсету белгісі немесе Одақтың ұжымдық белгісі.

Осы Қағидаларда пайдаланылатын өзге де ұғымдар 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартта, Шартта, Нұсқаулықта және Одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесін құру және дамыту мәселелеріне қатысты Одақ органдарының актілерінде айқындалған мәндерде қолданылады.

IV. Жалпы процесс туралы негізгі мәліметтер

5. Жалпы процестің толық атауы: "Еуразиялық экономикалық одақтың тауар белгілері мен қызмет көрсету белгілерін тіркеу, құқықтық қорғау және пайдалану".

6. Жалпы процестің кодтық белгіленімі: P.SP.02, 1.0.0 нұсқа.

1. Жалпы процестің мақсаты мен міндеттері

7. Жалпы процестің мақсаттары Одақтың тауар белгілерін тіркеу, құқықтық қорғау және пайдалану рәсімдеріне ақпараттық қолдауды қамтамасыз ету, сондай-ақ Одаққа мүше мемлекеттердің ұлттық патенттік ведомстволарының (бұдан әрі тиісінше - мүше мемлекеттер, ұлттық патенттік ведомстволар) ортақ ақпараттық ресурсының Одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесі шеңберінде Еуразиялық экономикалық комиссияның (бұдан әрі - Комиссия) ақпараттық ресурстарын пайдалана отырып, Одақтың тауар белгілерінің бірыңғай тізілімін қалыптастыру және жүргізу. болып табылады.

8. Жалпы процестің мақсаттарына жету үшін мынадай міндеттерді шешу қажет:

а) ұлттық патенттік ведомстволардың арасындағы және ұлттық патенттік ведомстволар мен Комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимылды қоса алғанда, жалпы процеске қатысушылардың ақпараттық өзара іс-қимылын қамтамасыз ету;

б) Шартта және Нұсқаулықта көрсетілген талаптарға сәйкес Одақтың тауар белгілеріне өтінімдерді қалыптастыруға және өтуге арналған жағдайларды қамтамасыз ету;

в) Одақтың тауар белгілерінің бірыңғай тізілімін қалыптастыруды, жүргізуді және пайдалануды қамтамасыз ету;

г) Одақтың тауар белгілерінің бірыңғай тізілімінде қамтылған ақпаратқа осындай ақпаратты алуға мүдделі тұлғалардың қол жеткізуін қамтамасыз ету.

2. Жалпы процеске қатысушылар

9. Жалпы процеске қатысушылардың тізбесі 1-кестеде келтірілген.

1-кесте

Жалпы процеске қатысушылардың тізбесі

Кодтық белгіленуі	Атауы	Сипаттамасы
1	2	<p>3</p> <p>Одақтың ақпараттық порталының құрамында тақырыптық бөлім құруды және жүргізуді және Одаққа мүше мемлекеттердің ұлттық патенттік ведомстволарының оның құрамында Одақтың тауар белгісіне өтінімдер туралы мәліметтерді және Одақтың тауар белгілерінің Бірыңғай тізілімінің мәліметтерін орналастыруды қамтамасыз ететін Комиссияның құрылымдық бөлімшелері; ұлттық патенттік ведомстволарға олардың сұратуы бойынша Одақтың тауар белгілерінің бірыңғай тізілімінің ұлттық бөлімдерінің мазмұнын үндестіру мақсатында Одақтың тауар белгілерінің бірыңғай тізілімінен мәліметтер ұсыну; ведомстводан Одақтың тауар белгісіне өтінім туралы мәліметтерді беру және Одақтың ақпараттық порталында жариялауды қамтамасыз ету; ведомстводан Одақтың тауар белгісіне өтінімді қайтарып алынған деп тану туралы мәліметтерді беру және Одақтың ақпараттық порталында жариялауды қамтамасыз ету; ведомстводан Одақтың тауар белгісінің сұрау салынатын басымдығын растайтын құжат туралы мәліметтерді, сондай-ақ өтініш берушінің өтініші бойынша Одақтың тауар белгісіне өтінімнің өзгеруі (Одақтың тауар белгісіне жаңа өтінімдерге өзгерту) туралы мәліметтерді беру және Одақтың ақпараттық порталында жариялауды қамтамасыз ету;</p>

P.ACT.001

Комиссия

ведомстводан ажыратқыштық қабілеттілікті белгілеу арқылы сатып алу дәлелдемелерін беру және Одақтың ақпараттық порталында жариялауды қамтамасыз ету;

ведомстводан Одақтың тауар белгісіне бұрын берілген өтінімнен Одақтың тауар белгісіне өтінімнің бөлінуі туралы мәліметтерді беру және Одақтың ақпараттық порталында жариялауды қамтамасыз ету;

ведомстводан Одақтың тауар таңбасын күші жойылған тіркеуді тауар таңбасын тіркеуге арналған ұлттық өтінімге өзгерту туралы мәліметтерді беру және Одақтың ақпараттық порталында жариялауды қамтамасыз ету;

ведомстводан өтініш беруші мен мүдделі тұлғалар арасындағы даулы мәселелерді шешу бойынша мәліметтерді (құжаттарды) беру және Одақтың ақпараттық порталында жариялауды қамтамасыз ету;

беру ведомствосынан Одақтың тауар белгілерінің бірыңғай тізіліміндегі Одақтың тауар белгісі туралы мәліметтерді алу және Одақтың ақпараттық порталында жариялауды қамтамасыз ету;

ұлттық патенттік ведомстволардан Одақтың тауар белгісіне өтінімді тауар белгісін тіркеуге арналған ұлттық өтінімге өзгерту туралы мәліметтерді алу және Одақтың ақпараттық порталында жариялауды қамтамасыз ету;

беру ведомствосынан Одақтың ұжымдық белгісін Одақтың тауар белгісіне өзгерту туралы мәліметтерді алу және Одақтың ақпараттық порталында жариялауды қамтамасыз ету;

беру ведомствосынан Одақтың тауар белгісін Одақтың ұжымдық белгісіне өзгерту туралы мәліметтерді алу және Одақтың ақпараттық порталында жариялауды қамтамасыз ету;

беру ведомствосынан Одақтың ТБ Бірыңғай тізіліміндегі мәліметтеріндегі өзгерістерді алу және Одақтың ақпараттық порталында жариялауды қамтамасыз ету;

беру ведомствосынан Одақтың тауар белгісіне айрықша құқықтан бас тарту туралы мәліметтерді алу және Одақтың ақпараттық порталында жариялауды қамтамасыз ету;

беру ведомствосынан Одақтың тауар белгісін тіркеудің күшін жою туралы мәліметтерді алу және Одақтың ақпараттық порталында жариялауды қамтамасыз ету;

беру ведомствосынан Одақтың ТБ-ға айрықша құқықтың қолданылу мерзімін ұзарту туралы мәліметтерді алу және Одақтың ақпараттық порталында жариялауды қамтамасыз ету;

Одақтың ақпараттық порталында жарияланатын мәліметтерге, оның ішінде мәліметтерді іздеу және сыртқы форматтарға түсіру функциясын іске асыра отырып, өтініш берушілерге, мүдделі тұлғаларға, сондай-ақ көрсетілген мәліметтерді алуға мүдделі басқа да тұлғаларға өтеусіз негізде қол жеткізуді қамтамасыз ету

Шартқа және Нұсқаулыққа сәйкес беру ведомствосының функцияларын орындайтын уәкілетті орган:

Одақтың ақпараттық порталында жариялау үшін Комиссияға Одақтың тауар белгісіне өтінім (оның ішінде ұлттық өтінімді Одақтың тауар белгісіне берілетін өтінімге өзгерту кезінде) туралы мәліметтерді ұсыну;

ұлттық патенттік ведомстволардан Одақтың тауар белгісі ретінде тіркеуге өтінім берілген белгіге сараптама жүргізгені үшін баж сомасы туралы мәліметтерді (бұдан әрі – Одақтың тауар белгісіне өтінімді сараптау) және сараптама жүргізгені үшін баж

төлеу үшін төлем деректемелерін сұрату;

ұлттық патенттік ведомстволарға тауар белгісіне жарияланған өтінім туралы мәліметтерді ұсыну; ұлттық патенттік ведомстволардан баждардың төленгенін растау туралы мәліметтерге сұрау салу және алу;

Одақтың ақпараттық порталында және ұлттық патенттік ведомстволарда жариялау үшін Комиссияға Одақтың тауар белгісіне өтінімді кері қайтарып алынған деп тану туралы мәліметтерді ұсыну;

Одақтың ақпараттық порталында және ұлттық патенттік ведомстволарда жариялау үшін Комиссияға Одақтың тауар белгісінің сұрау салынатын басымдығын растайтын құжат туралы мәліметтерді, сондай-ақ өтінім берушінің өтініші бойынша Одақтың тауар белгісіне өтінімнің өзгеруі (Одақтың тауар белгісіне берілетін жаңа өтінімдерге өзгерту) туралы мәліметтерді ұсыну;

тауар белгісін тіркеуге арналған ұлттық өтінімге өзгеруіне байланысты Одақтың тауар белгісіне берілетін өтінім бойынша іс қағаздарын жүргізуді тоқтату туралы хабарламаны ұлттық патенттік ведомстволарға (ұлттық өтінімдері Одақтың тауар таңбасына берілетін өтінімде өзгертуді сұралатын) ұсыну және Одақтың тауар белгісін тауар белгісін тіркеуге арналған ұлттық өтінімге өзгерту туралы өтініш берушінің өтінішін және Одақтың тауар белгісіне берілетін өтінім туралы мәліметтерді ұлттық патенттік ведомстволарға ұсыну;

Одақтың ақпараттық порталында және ұлттық патенттік ведомстволарда жариялау үшін Комиссияға айырғыштық қабілеттілігін белгілеу арқылы сатып алу дәлелдемелері туралы мәліметтерді ұсыну;

ұлттық патенттік ведомстволарға келісім туралы құжатты ұсыну;

P.SP.02.ACT.001

беру ведомствосы

Одақтың ақпараттық порталында және ұлттық патенттік ведомстволарда жариялау үшін Комиссияға Одақтың ТБ-ға бұрын берілген өтінімнен Одақтың ТБ-ға өтінімді бөлу туралы мәліметтерді ұсыну;

Одақтың ақпараттық порталында және ұлттық патенттік ведомстволарда жариялау үшін Комиссияға Одақтың ТБ күші жойылған тіркеуді ТБ тіркеуге арналған ұлттық өтінімге өзгерту туралы мәліметтерді ұсыну;

Одақтың ақпараттық порталында және ұлттық патенттік ведомстволарда жариялау үшін Комиссияға Одақтың ұжымдық белгісін Одақтың ТБ-ға өзгерту туралы мәліметтерді ұсыну;

Одақтың ақпараттық порталында және ұлттық патенттік ведомстволарда жариялау үшін Комиссияға Одақтың ТБ-сын Одақтың ұжымдық белгісіне өзгерту туралы мәліметтерді ұсыну;

Одақтың ақпараттық порталында және ұлттық патенттік ведомстволарда жариялау үшін Комиссияға Одақтың ТБ Бірыңғай тізілімінің мәліметтеріне өзгерістер енгізу туралы мәліметтерді ұсыну;

Одақтың ақпараттық порталында және ұлттық патенттік ведомстволарда жариялау үшін Комиссияға Одақтың ТБ-ға айрықша құқықтан бас тарту туралы мәліметтерді ұсыну;

Одақтың ақпараттық порталында және ұлттық патенттік ведомстволарда жариялау үшін Комиссияға Одақтың ТБ тіркеудің күшін жою туралы мәліметтерді ұсыну;

Одақтың ақпараттық порталында және ұлттық патенттік ведомстволарда жариялау үшін Комиссияға Одақтың ТБ-ға айрықша құқықтың қолданылу мерзімін ұзарту туралы мәліметтерді ұсыну;

өтініш беруші мен мүдделі тұлғалар арасындағы даулы мәселелерді шешу бойынша мәліметтерді (құжаттарды) Одақтың ақпараттық порталында жариялау үшін Комиссияға ұсыну;

Одақтың тауар белгісіне өтінімді сараптау нәтижелері бойынша ұлттық патенттік ведомстволардың қорытындыларын дайындау және шешімдер қабылдау мақсатында ұлттық патенттік ведомстволарға мәліметтерді (құжаттарды) ұсыну;

Одақтың ақпараттық порталындағы Одақтың тауар белгілерінің бірыңғай тізілімінде және ұлттық патенттік ведомстволарда жариялау үшін Комиссияға Одақтың тауар белгісі туралы мәліметтерді ұсыну;

ұлттық патенттік ведомстволардан сараптама нәтижелері туралы қорытындыны (шешімді) алу;

ұлттық патенттік ведомстволардан сараптама жөніндегі шешімге келіп түскен шағым туралы хабарламаны алу;

ұлттық патенттік ведомстволардан сараптама жөніндегі шешімге мемлекетішілік шағымдану нәтижелері туралы мәліметтерді алу;

ұлттық патенттік ведомстволардан келісім туралы құжатты ұсыну қажеттілігі туралы хабарлама алу;

ұлттық патенттік ведомстволардан Одақтың тауар белгісіне өтінімге сараптама жүргізгені үшін баж сомасы және осы бажды төлеу үшін төлем деректемелері туралы мәліметтерді алу;

ұлттық патенттік ведомстводан Одақтың тауар белгісіне құқықтық қорғауды беруді жарамсыз деп тану туралы мәліметтерді немесе Одақтың тауар белгісін құқықтық қорғауды тоқтату туралы мәліметтерді алу;

ұлттық патенттік ведомстволарға олардың сұрау салуы бойынша тіркеу барысында пайдаланылатын материалдар мен

		<p>құжаттарды немесе Одақтың ТБ-ға байланысты өзге де рәсімдерді (немесе мұндай мәліметтердің болмауы туралы) ұсыну;</p> <p>Одақтың тауар белгілерінің бірыңғай тізілімінің ұлттық бөлімін қалыптастыру және жүргізу үшін жауапты болады</p>
		<p>Шартқа және Нұсқаулыққа сәйкес ұлттық патенттік ведомствоның функцияларын орындайтын:</p> <p>Одақтың тауар белгілерінің бірыңғай тізілімінің ұлттық бөлімдерінің мазмұнын синхрондау мақсатында Комиссияның сұрау салуы және Одақтың тауар белгілерінің бірыңғай тізілімінен мәліметтер алу;</p> <p>ведомствоға оның сұрау салуы бойынша Одақтың тауар белгісіне өтінімге сараптама жүргізгені үшін баждың сомасы және осы бажды төлеу үшін төлем деректемелері туралы мәліметтерді ұсыну;</p> <p>ведомствоға оның сұрау салуы бойынша сараптама жүргізгені үшін баждардың төленгенін растау туралы мәліметтерді ұсыну ;</p> <p>Одақтың тауар белгісіне берілетін өтінімге қатысты мәліметтерді беру ведомствосына ұсыну;</p> <p>сараптама жөніндегі шешімге келіп түскен шағым туралы хабарламаны беру ведомствосына ұсыну;</p> <p>сараптама жөніндегі шешімге мемлекетішілік шағымдану нәтижелері туралы мәліметтерді беру ведомствосына ұсыну; келісу туралы құжатты ұсыну қажеттілігі туралы хабарламаны беру ведомствосына ұсыну;</p> <p>Одақтың тауар белгісіне берілетін өтінімді тауар белгісін тіркеуге арналған ұлттық өтінімге өзгерту туралы мәліметтерді Одақтың ақпараттық порталында жариялау үшін Комиссияға ұсыну;</p>

P.SP.02.ACT.002

Ұлттық патенттік ведомство

Одақтың тауар белгісін құқықтық қорғауды беру жарамсыз деп тану немесе Одақтың тауар белгісін құқықтық қорғауды тоқтату туралы мәліметтерді беру ведомствосына ұсыну;

беру ведомствосына оның сұрау салуы бойынша тіркеу барысында пайдаланылатын материалдар мен құжаттарды немесе Одақтың тауар белгісіне байланысты өзге де рәсімдерді (немесе мұндай мәліметтердің жоқтығы туралы) ұсыну;

сараптама жүргізу үшін Одақтың тауар белгісіне берілетін жарияланған өтінім туралы мәліметтерді беру ведомствосынан алу;

өтініш беруші мен мүдделі тұлғалар арасындағы даулы мәселелерді шешу бойынша беру ведомствосынан мәліметтер (құжаттар) алу;

беру ведомствосынан Одақтың тауар белгісіне өтінімді қайтарып алынған деп тану туралы мәліметтерді алу;

беру ведомствосынан Одақтың тауар белгісінің сұрау салынатын басымдығын растайтын құжат туралы, сондай-ақ өтінім берушінің өтінішхаты бойынша Одақтың тауар белгісіне берілетін өтінімнің өзгеруі (Одақтың тауар белгісіне берілетін жаңа өтінімдерге өзгеруі) туралы мәліметтер алу;

беру ведомствосынан ұлттық өтінімнің тауар белгісін тіркеуге арналған ұлттық өтінімге және Одақтың тауар белгісіне өтінімнің және Одақтың тауар белгісіне өтінімнің тауар белгісін тіркеуге арналған ұлттық өтінімге өзгерту туралы өтініш берушінің өтінішхатының өзгеруіне байланысты Одақтың тауар белгісіне өтінім бойынша іс қағаздарын жүргізуді тоқтату туралы хабарлама алу (егер ұлттық патенттік ведомство Одақтың тауар белгісіне өтінімді тауар белгісін тіркеуге арналған

ұлттық өтінімге өзгертуді сұрайтын ведомство болып табылған жағдайда);
беру ведомствосынан ажырату қабілеттілігін белгілеу арқылы сатып алу дәлелдемелері туралы мәліметтерді алу;
беру ведомствосынан Одақтың күші жойылған тауар белгісін тіркеуді тауар белгісін тіркеуге арналған ұлттық өтінімге өзгерту туралы мәліметтерді алу;
беру ведомствосынан Одақтың ұжымдық белгісін Одақтың тауар белгісіне өзгерту туралы мәліметтерді алу;
беру ведомствосынан Одақтың тауар белгісін Одақтың ұжымдық белгісіне өзгерту туралы мәліметтерді алу;
беру ведомствосынан Одақтың тауар белгілерінің бірыңғай тізілімінің мәліметтеріне өзгерістер енгізу туралы мәліметтерді алу;
беру ведомствосынан Одақтың тауар белгісіне айрықша құқықтан бас тарту туралы мәліметтерді алу ;
беру ведомствосынан Одақтың тауар белгісін тіркеудің күшін жою туралы мәліметтерді алу;
беру ведомствосынан Одақтың тауар белгісіне айрықша құқықтың қолданылу мерзімін ұзарту туралы мәліметтерді алу;
беру ведомствосынан сараптама қорытындысына және Одақтың тауар белгісіне өтінім бойынша шешімдерге өтініш берушінің қарсылығы (шағымы) мәселелері бойынша мәліметтер (құжаттар) алу;
беру ведомствосынан Одақтың тауар белгісі туралы мәліметтерді алу;
беру ведомствосынан келісу туралы құжатты алу үшін жауап беретін уәкілетті орган.

Одақтың тауар белгісіне өтінімдер туралы мәліметтерді және Одақтың тауар белгілерінің бірыңғай тізілімінің мәліметтерін

P.SP.02.ACT.003	Одақтың тауар белгілерінің бірыңғай тізілімін пайдаланушы	орналастыру қамтамасыз етілетін Одақтың ақпараттық порталының құрамындағы тақырыптық бөлімді пайдаланушы, оның ішінде өтініш беруші, мүдделі тұлға, сондай-ақ мәліметтерді алуға мүдделі тұлға. Одақтың ТБ-ға өтінімдері, Одақтың тіркелген ТБ-ға өтінімдері және олармен байланысты ақпарат туралы мәліметтерді сұратады және алады
-----------------	---	--

3. Жалпы процестің құрылымы

10. Жалпы процесс бұл өзінің мақсатына қарай топтастырылған рәсімдер жиынтығын білдіреді:

а) өтінімді қарау және Одақтың ТБ-ға өтінім бойынша шешім қабылдау кезінде мәліметтерді ұсыну рәсімдері;

б) мәліметтерді толықтыру және мүдделі тұлғалардың Одақтың ТБ-ға өтініміне дау айту кезінде мәліметтерді ұсыну рәсімдері;

в) өтінімді Одақтың ТБ-ға өзгерту кезінде мәліметтерді ұсыну рәсімдері;

г) өтінім Одақтың ТБ-ға өзгерген кезде мәліметтерді ұсыну рәсімдері;

д) Одақтың ТБ өзгерту кезінде мәліметтерді ұсыну рәсімдері;

е) Одақтың ТБ туралы мәліметтерді өзгерту кезінде мәліметтерді ұсыну рәсімдері;

ж) Одақтың ТБ Бірыңғай тізілімінен мәліметтерді ұсыну рәсімдері;

з) Одақтың ТБ тіркеу кезінде баждарды төлеу үшін сомалар мен төлем деректемелері туралы мәліметтерді алу рәсімдері;

и) сараптама жүргізу, тіркеу немесе Одақтың ТБ-мен байланысты өзге де іс-қимылдар барысында пайдаланылатын материалдар мен құжаттарды алу рәсімдері;

к) Одақтың тауар белгілерінің бірыңғай тізілімін пайдаланушыларға Одақтың тауар белгілерінің бірыңғай тізілімінде қамтылған мәліметтерді ұсыну рәсімдері.

11. Одақтың ТБ тіркеуге бағытталған іс-қимылдарды жүргізу кезінде, сондай-ақ Одақтың ТБ Бірыңғай тізілімін жүргізу кезінде Комиссия Одақтың ТБ өтінімдері туралы мәліметтерді және Одақтың тіркелген ТБ туралы мәліметтерді қамтитын Одақтың бірыңғай тізілімінің ұлттық бөлімдерінің (мүше мемлекеттер бойынша) мәліметтерін беру ведомстволарынан алынған мәліметтердің және осындай мәліметтердің өзгеруі туралы мәліметтер мен ақпараттың негізінде Одақтың ақпараттық порталында жариялауды және өзектендіруді қамтамасыз етеді. Беру ведомстволары сондай-ақ Одақтың бірыңғай тізілімінің ұлттық бөлімдеріне енгізілген немесе өзгертілген Одақтың ТБ-ға өтінімдері туралы Одақтың ақпараттық порталында жарияланған мәліметтерді ұлттық патенттік ведомстволарға жібереді.

Беру ведомствосы өтінім берушіден Одақтың ТБ-ға өтінім алу кезінде өтінімді қарау және Одақтың ТБ-ға өтінім бойынша шешім қабылдау кезінде мәліметтерді ұсыну рәсімдер тобына енгізілген жалпы процестің мынадай рәсімдерін орындайды:

жариялау үшін Одақтың ТБ - ға өтінімі туралы мәліметтерді ұсыну;
сараптау үшін Одақтың ТБ-ға өтінімі туралы мәліметтерді ұсыну;
сараптама нәтижелері бойынша қорытындыны (шешімді) ұсыну;
сараптама нәтижелері бойынша дәлелдер мен ескертулерді ұсыну;
Одақтың ТБ тіркеу (тіркеуден бас тарту) туралы мәліметтерді ұсыну;
сараптама жөніндегі шешімге келіп түскен шағым туралы хабарламаны ұсыну;

сараптама жөніндегі шешімге мемлекетішілік шағымдану нәтижелері туралы мәліметтерді ұсыну.

Беру ведомствосы өтініш берушіден қосымша мәліметтер алған кезде және мүдделі тұлғалар Одақтың ТБ-ға өтініміне дау айтқан кезде, мәліметтерді толықтыру және мүдделі тұлғалар Одақтың ТБ-ға өтініміне дау айтқан кезде мәліметтерді ұсыну рәсімдер тобына енгізілген жалпы процестің мынадай рәсімдері орындалады:

мүдделі тұлғаның өтінішін жариялау үшін ұсыну;

мүдделі тұлғаның өтінішіне қатысты өтініш берушінің дәлелдерін жариялау үшін ұсыну;

ажырату қабілеттілігін белгілеу арқылы сатып алу дәлелдерін ұсыну;

келісу туралы құжатты ұсыну қажеттілігі туралы хабарламаны ұсыну;

келісу туралы құжатты ұсыну;

келісу туралы құжаттың келіп түспеуі себебі бойынша кері қайтарып алынған Одақтың ТБ-ға өтінімді тану туралы мәліметтерді ұсыну;

Одақтың ТБ-ның сұрау салынатын басымдығын растайтын құжаттар туралы мәліметтерді ұсыну.

Одақтың ТБ-ға өтінімін өзгерту кезінде Одақтың ТБ-ға өтінімін өзгерту кезінде мәліметтерді ұсыну рәсімдерінің тобына енгізілген жалпы процестің мынадай рәсімдері орындалады:

Одақтың ТБ өтінімі бойынша іс қағаздарын жүргізуді тоқтату туралы хабарламаны ұсыну;

Одақтың ТБ-ға өтінімін ТБ-ны тіркеуге арналған ұлттық өтінімге өзгерту туралы өтінішхатты ұсыну;

Одақтың ТБ-ға өтінімін ТБ-ны тіркеуге арналған ұлттық өтінімге өзгерту туралы мәліметтерді ұсыну;

Одақтың ұжымдық белгісіне берілетін өтінімді Одақтың ТБ өтініміне өзгерту туралы мәліметтерді ұсыну;

Одақтың ТБ-ға өтінімін Одақтың ұжымдық белгісіне берілетін өтінімге өзгерту туралы мәліметтерді ұсыну.

Одақтың ТБ-ға бұрын берілген өтінімі өзгерген кезде Одақтың ТБ-ға өтінімі өзгерген кезде мәліметтерді ұсыну рәсімдерінің тобына енгізілген жалпы процестің мынадай рәсімдері орындалады:

Одақтың ТБ-ға бұрын берілген өтінімнен Одақтың ТБ-ға өтінімді бөлу туралы мәліметтерді ұсыну;

өтініш берушінің өтінішхаты бойынша кері қайтарып алынған одақтың ТБ-ға өтінімді тану туралы мәліметтерді ұсыну;

Одақтың ТБ өтініміне өзгерістер енгізу туралы мәліметтерді ұсыну.

Одақтың ТБ өзгерту кезінде Одақтың ТБ өзгерту кезінде мәліметтерді ұсыну рәсімдерінің тобына енгізілген жалпы процестің мынадай рәсімдері орындалады:

Одақтың ТБ күші жойылған тіркеуді ТБ тіркеуге арналған ұлттық өтінімге өзгерту туралы мәліметтерді ұсыну;

Одақтың ұжымдық белгісін Одақтың ТБ-ға өзгерту туралы мәліметтерді ұсыну;

Одақтың ТБ-сын Одақтың ұжымдық белгісіне өзгерту туралы мәліметтерді ұсыну.

Одақтың ТБ туралы мәліметтер өзгерген кезде Одақтың ТБ туралы мәліметтер өзгерген кезде мәліметтерді ұсыну рәсімдерінің тобына енгізілген жалпы процестің мынадай рәсімдері орындалады:

Одақтың ТБ Бірыңғай тізілімінің мәліметтеріне өзгерістер енгізу туралы мәліметтерді ұсыну;

Одақтың ТБ-ға айрықша құқықтан бас тарту туралы мәліметтерді ұсыну;

Одақтың ТБ құқықтық қорғауды ұсыруды жарамсыз деп тану туралы мәліметтерді ұсыну;

жариялау үшін Одақтың ТБ тіркеудің күшін жою туралы мәліметтерді ұсыну;

Одақтың ТБ-ға айрықша құқықтың қолданылу мерзімін ұзарту туралы мәліметтерді ұсыну.

Одақтың ТБ Бірыңғай тізілімінің ұлттық бөлімдерінің мазмұнын үндестіру мақсатында Комиссия ұлттық патенттік ведомстволардың сұрау салуы бойынша Одақтың ТБ Бірыңғай тізілімінің мәліметтерін алған жалпы процестің мынадай рәсімдері шеңберінде ұсынады:

Одақтың ТБ Бірыңғай тізілімін жаңарту күні мен уақытына сұрау салу;

Одақтың ТБ Бірыңғай тізілімінің өзгертілген мәліметтеріне сұрау салу.

Ұлттық патенттік ведомстволардан беру ведомствосының Одақтың ТБ-ын пайдалану құқығы туралы куәлікті тіркегені және (немесе) бергені үшін баж сомасы туралы мәліметтерді және көрсетілген бажды төлеу үшін төлем деректемелері туралы мәліметтерді алуы қажет болған кезде, сондай-ақ Одақтың ТБ тіркеу және (немесе) Одақтың ТБ пайдалану құқығын беру туралы шешім қабылдау мақсатында ұлттық патенттік ведомстволардан өтініш берушінің баждарды төлегенін растауды беру

ведомствосының алуы қажет болған кезде Одақтың ТБ тіркеу кезінде сомалар мен баждарды төлеуге арналған төлем деректемелері туралы мәліметтерді алу рәсімдер тобына енгізілген жалпы процестің мынадай рәсімдері орындалады:

сомасы және баж төлеу үшін төлем деректемелері туралы мәліметтерді сұрату;

баждарды төлемеу себебі бойынша кері қайтарып алынған Одақтың ТБ-ға өтінімді тану туралы мәліметтерді ұсыну;


баж төленгенін растау туралы мәліметтерді сұрату.

Тіркеу барысында пайдаланылатын материалдар мен құжаттарды немесе Одақтың ТБ-сына байланысты өзге де іс-әрекеттерді сұрату кезінде Одақтың ТБ-сына байланысты сараптама жүргізу, тіркеу немесе өзге де іс-қимылдар барысында пайдаланылатын материалдар мен құжаттарды алу рәсімдер тобына енгізілген жалпы процестің мынадай рәсімдері орындалады:

тіркеу барысында пайдаланылатын материалдар мен құжаттарды немесе Одақтың ТБ-сына байланысты өзге де іс-қимылдарды алу.

Одақтың тауар белгілерінің бірыңғай тізілімін пайдаланушыларға Одақтың тауар белгілерінің бірыңғай тізілімінде қамтылған мәліметтер ұсынылған кезде "Одақтың тауар белгілерінің бірыңғай тізілімін пайдаланушыларға Одақтың тауар белгілерінің бірыңғай тізілімінде қамтылған мәліметтерді ұсыну" рәсімі орындалады.

12. Жалпы процестің құрылымының келтірілген сипаттамасы 1-суретте көрсетілген.



1-сурет. Жалпы процестің құрылымы

13. Операциялардың егжей-тегжейлі сипаттамасын қоса алғанда, өз мақсаты бойынша топтастырылған жалпы процестің рәсімдерін орындау тәртібі осы Қағидалардың VIII бөлімінде келтірілген.

14. Рәсімдердің әр тобы үшін жалпы процестің рәсімдері мен оларды орындау тәртібі арасындағы байланысты көрсететін жалпы схема келтірілген. Рәсімдердің жалпы схемасы UML графикалық белгісін (бірыңғай модельдеу тілі – Unified Modeling Language) қолдана отырып құрылған және мәтіндік сипаттамамен жабдықталған.

4. Өтінімді қарау кезінде мәліметтерді ұсыну және Одақтың ТБ өтінімі бойынша шешім қабылдау рәсімдерінің тобы

15. Өтінімді қарау және Одақтың ТБ өтінімі бойынша шешім қабылдау кезінде мәліметтерді ұсыну рәсімдерін орындау (P.SP.02.PGR.001) өтініш беруші Одақтың ТБ-ға өтінімді беру ведомствосына берген кезде қамтамасыз етіледі.

Одақтың ТБ-ға өтінімі Шартта және Нұсқаулықта белгіленген талаптарға сәйкес келген кезде Одақтың тауар белгісіне өтінімді жариялау туралы шешім қабылданғаннан кейін ресми сайтта "Жариялау үшін Одақтың ТБ-ға өтінімі туралы мәліметтерді ұсыну" (P.SP.02.PRC.001) рәсімі орындалады, оны орындау нәтижелері бойынша беру ведомствосы Одақтың ақпараттық порталында осындай мәліметтерді жариялау үшін Комиссияға Одақтың ТБ-ға өтінімі туралы мәліметтерді ұсынады.

Өтінім беруші мәлімделген белгіге сараптама жүргізгені үшін қажетті баждарды төлегенін растағаннан кейін "Сараптама үшін Одақтың ТБ-ға өтінімі туралы мәліметтерді ұсыну" (P.SP.02.PRC.002) рәсімі орындалады. беру ведомствосы мәлімделген белгіге сараптама жүргізу үшін ұлттық патенттік ведомстволарға Одақтың ТБ-ға өтінім мәліметтерін ұсынады.

Ұлттық патенттік ведомство мәлімделген белгіге сараптама жүргізу нәтижелері бойынша қорытындыны (шешімді) дайындаған кезде, сондай-ақ шешімді қайта дайындаған жағдайларда, өтініш берушінің қарсылығын (шағымын) қарау нәтижелері бойынша "Сараптама нәтижелері туралы қорытындыны (шешімді) ұсыну" (P.SP.02.PRC.003) рәсімі орындалады, оны орындау нәтижелері бойынша ұлттық патенттік ведомство беру ведомствосына тиісті мәліметтерді ұсынады.

Беру ведомствосы өтініш берушінің дәлелдері мен ескертулері туралы мәліметтерді алған кезде Шарттың 9-бабының 7-тармағында көзделген тәртіппен "Сараптама нәтижелері бойынша дәлелдер мен ескертулер беру" (P.SP.02.PRC.004) рәсімі орындалады, оны орындау нәтижелері бойынша беру ведомствосы тиісті мәліметтерді ұлттық патенттік ведомстволарға жібереді.

Беру ведомствосы сараптама нәтижелері бойынша Одақтың ТБ тіркеу туралы шешім қабылдаған кезде (мәлімделген тауарлардың және (немесе) қызметтердің барлығына немесе бір бөлігіне қатысты) және өтініш беруші Одақтың тауар белгісін тіркегені және Одақтың тауар белгісіне куәлік бергені үшін баж төленгенін растайтын құжатты ұсынған кезде, сондай-ақ беру ведомствосы Одақтың ТБ тіркеуден бас тарту туралы шешім қабылдаған жағдайда "Одақтың ТБ тіркеу (тіркеуден бас тарту) туралы мәліметтерді ұсыну" (P.SP.02.PRC.005) рәсімі орындалады, оны орындау нәтижелері бойынша беру ведомствосы Одақтың ақпараттық порталында жариялау үшін ұлттық патенттік ведомстволарға және Комиссияға тиісті мәліметтерді ұсынады.

Ұлттық патенттік ведомство Шарттың 11-бабында көзделген тәртіппен ұлттық патенттік ведомствоның шешіміне қарсылық (шағым) алған кезде "Сараптама жөніндегі шешімге келіп түскен шағым туралы хабарлама беру" (P.SP.02.PRC.006) рәсімі орындалады, оны орындау нәтижелері бойынша ұлттық патенттік ведомство беру ведомствосына тиісті хабарлама береді.


Мемлекетішілік шағымдану рәсімдері аяқталғаннан кейін "Сараптама жөніндегі шешімге мемлекетішілік шағымдану нәтижелері туралы мәліметтерді ұсыну" (P.SP.02.

PRC.007) рәсімі орындалады, оны орындау нәтижелері бойынша ұлттық патенттік ведомство беру ведомствосына тиісті хабарлама береді.

Мәліметтерді ұсыну Комиссия Алқасының 2025 жылғы 11 ақпандағы № 14 шешімімен бекітілген "Еуразиялық экономикалық одақтың тауар белгілері мен қызмет көрсету белгілерін тіркеу, құқықтық қорғау және пайдалану" жалпы процесін Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі ұлттық патенттік ведомстволар мен Еуразиялық экономикалық комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне (бұдан әрі – ұлттық патенттік ведомстволар мен Комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламенті) және Комиссия Алқасының 2025 жылғы 11 ақпандағы № 14 шешімімен бекітілген "Еуразиялық экономикалық одақтың тауар белгілері мен қызмет көрсету белгілерін тіркеу, құқықтық қорғау және пайдалану" жалпы процесін Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі ұлттық патенттік ведомстволардың арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне (бұдан әрі – ұлттық патенттік ведомстволардың арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламенті) сәйкес жүзеге асырылады.

Ұсынылатын мәліметтердің форматы мен құрылымы Комиссия Алқасының 2025 жылғы 11 ақпандағы № 14 шешімімен бекітілген "Еуразиялық экономикалық одақтың тауар белгілері мен қызмет көрсету белгілерін тіркеу, құқықтық қорғау және пайдалану" жалпы процесін Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру үшін пайдаланылатын электрондық құжаттардың және мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына (бұдан әрі – Электрондық құжаттардың және мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасы) сәйкес келуге тиіс.

16. Өтінімді қарау және Одақтың ТБ өтінімі бойынша шешім қабылдау кезінде мәліметтерді ұсыну рәсімдері тобының келтірілген сипаттамасы 2-суретте көрсетілген.



2-сурет. Өтінімді қарау және Одақтың ТБ өтінімі бойынша шешім қабылдау кезінде мәліметтерді ұсыну рәсімдері тобының жалпы схемасы

17. Өтінімді қарау және Одақтың ТБ-ға өтінім бойынша шешім қабылдау кезінде мәліметтерді ұсыну рәсімдерінің тобына кіретін жалпы процесс рәсімдерінің тізбесі 2-кестеде келтірілген.

2-кесте

Өтінімді қарау және Одақтың ТБ-ға өтінім бойынша шешім қабылдау кезінде мәліметтерді ұсыну рәсімдерінің тобына кіретін жалпы процесс рәсімдерінің тізбесі

Кодтық белгіленуі	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
P.SP.02.PRC.001	жариялау үшін Одақтың ТБ-ға өтінім туралы мәліметтерді ұсыну	рәсім беру ведомствосының Одақтың ақпараттық порталында осындай мәліметтерді жариялау үшін Одақтың ТБ-ға өтінім туралы мәліметтерді Комиссияға ұсынуына арналған
P.SP.02.PRC.002	сараптама үшін Одақтың ТБ-ға өтінімі туралы мәліметтерді ұсыну	рәсім ведомствоның ұлттық патенттік ведомствоға осындай мәліметтерді сараптау үшін Одақтың ТБ-ға өтінім туралы мәліметтерді ұсынуына арналған
P.SP.02.PRC.003	сараптама нәтижелері туралы қорытындыны (шешімді) ұсыну	рәсім ұлттық патенттік ведомствоның сараптама нәтижелері туралы қорытындыны (шешімді) беру ведомствосына ұсынуына, оның ішінде сараптама жөніндегі шешімге өтініш берушінің қарсылығын (шағымын) қарау нәтижелері бойынша шешімді қайта дайындау жағдайларында ұсынуына арналған
P.SP.02.PRC.004	сараптама нәтижелері бойынша дәлелдер мен ескертулер беру	рәсім беру ведомствосының ұлттық патенттік ведомствоға сараптама нәтижелері бойынша дәлелдер мен ескертулер беруіне арналған
P.SP.02.PRC.005	Одақтың ТБ тіркеу (тіркеуден бас тарту) туралы мәліметтерді ұсыну	рәсім беру ведомствосының Одақтың ТБ тіркеу (тіркеуден бас тарту) туралы мәліметтерді Одақтың ақпараттық порталындағы ТБ бірыңғай тізлімінде жариялау үшін Комиссияға беруіне, сондай-ақ беру ведомствосының ұлттық

		патенттік ведомстволарға тиісті мәліметтерді беруіне арналған
P.SP.02.PRC.006	сараптама жөніндегі шешімге келіп түскен шағым туралы хабарлама беру	рәсім ұлттық патенттік ведомствоның беру ведомствосына сараптама жөніндегі шешімге келіп түскен шағым туралы хабарламаны беруіне арналған
P.SP.02.PRC.007	сараптама жөніндегі шешімге мемлекетішілік шағымдану нәтижелері туралы мәліметтерді ұсыну	рәсім ұлттық патенттік ведомствоның сараптама жөніндегі шешімге мемлекетішілік шағымдану нәтижелері туралы мәліметтерді беру ведомствосына беруіне арналған

5. Мәліметтерді толықтыру және мүдделі тұлғалар Одақтың ТБ өтініміне дау айту кезінде мәліметтерді ұсыну рәсімдерінің тобы

18. Мәліметтерді толықтыру және мүдделі тұлғалардың Одақтың ТБ өтініміне дау айту кезінде мәліметтерді ұсыну рәсімдерін орындау (P.SP.02.PGR.002) Нұсқаулықта белгіленген Одақтың ТБ Бірыңғай тізілімін жүргізу тәртібіне сәйкес жүзеге асырылады.

Беру ведомствосы мүдделі тұлғалардың өтініштерін алған кезде Нұсқаулықтың 8-қағидасының 2-тармағында белгіленген тәртіппен "Мүдделі тұлғаның өтінішін ұсыну" (P.SP.02.PRC.008) рәсімі орындалады, оны орындау нәтижелері бойынша беру ведомствосы оларды Одақтың ақпараттық порталында жариялау үшін Комиссияға тиісті мәліметтерді ұсынады, сондай-ақ мүдделі тұлғаның өтінішін ұлттық патенттік ведомстволарға ұсынады.

Беру ведомствосы мүдделі тұлғаның өтінішіне қатысты өтініш берушінің дәлелдерін алған кезде Нұсқаулықтың 8-қағидасының 2-тармағында белгіленген тәртіппен "Мүдделі тұлғаның өтінішіне қатысты өтініш берушінің дәлелдерін ұсыну" (P.SP.02.PRC.009) рәсімі орындалады, оны орындау нәтижелері бойынша беру ведомствосы Одақтың ақпараттық порталында жариялау үшін Комиссияға тиісті мәліметтерді ұсынады, сондай-ақ мүдделі тұлғаның ұлттық патенттік ведомстволарға жүгінуіне қатысты өтініш берушінің дәлелдерін ұсынады.

Беру ведомствосы өтініш берушіден сатып алу дәлелдемесін алған кезде айырғыштық қабілеттілігін белгілеу арқылы "Айырғыштық қабілеттілігін белгілеу арқылы сатып алу дәлелдемелерін ұсыну" (P.SP.02.PRC.010) рәсімі орындалады, оны орындау нәтижелері бойынша беру ведомствосы Одақтың ақпараттық порталында жариялау үшін ұлттық патенттік ведомстволарға және Комиссияға тиісті мәліметтерді ұсынады.

Егер ұлттық патенттік ведомство сәйкестігі мен ұқсастығы туралы мәлімделген белгіні тексеру барысында біртекті тауарларға қатысты Одақтың сәйкес немесе араласу

дәрежесіне дейін ұқсас тауар белгілеріне бірдей басымдық күні бар әр түрлі өтініш берушілер берген өтінімдерді анықтаған жағдайда, "Келісу туралы құжатты ұсыну қажеттілігі туралы хабарламаны ұсыну" (P.SP.02.PRC.011) рәсімі орындалады, оны орындау нәтижелері бойынша ұлттық патенттік ведомство беру ведомствосына тиісті мәліметтерді ұсынады.

Беру ведомствосы өтініш берушіден келісу туралы құжатты алған кезде "Келісу туралы құжатты ұсыну" (P.SP.02.PRC.012) рәсімі орындалады, оны орындау нәтижелері бойынша беру ведомствосы мүше мемлекеттердің ұлттық патенттік ведомстволарына тиісті мәліметтерді ұсынады.


Өтініш берушіден келісу туралы құжат белгіленген мерзімде келіп түспеген кезде Одақтың тауар белгісіне өтінім кері қайтарып алынды деп есептеледі, бұл туралы көрсетілген мерзім өткен күннен бастап 15 жұмыс күні ішінде "Келісу туралы құжаттың келіп түспеуі себебі бойынша Одақтың ТБ-ға өтінімді кері қайтарып алынған деп тану туралы мәліметтерді ұсыну" (P.SP.02.PRC.013) рәсімі орындалады, оны орындау нәтижелері бойынша беру ведомствосы ұлттық патенттік ведомстволарға және оны Одақтың ақпараттық порталында жариялау үшін Комиссияға хабарлама жібереді.

Беру ведомствосы Одақтың ТБ сұрау салынатын басымдығын растайтын құжаттар туралы мәліметтерді алған кезде "Одақтың ТБ сұрау салынатын басымдығын растайтын құжаттар туралы мәліметтерді ұсыну" (P.SP.02.PRC.014) рәсімі орындалады, оны орындау нәтижелері бойынша беру ведомствосы тиісті мәліметтерді ұлттық патенттік ведомстволарға және оларды Одақтың ақпараттық порталында жариялау үшін Комиссияға ұсынады.

Мәліметтерді ұсыну ұлттық патенттік ведомстволар мен Комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне және ұлттық патенттік ведомстволар арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес жүзеге асырылады.

Ұсынылатын мәліметтердің форматы мен құрылымы электрондық құжаттардың және мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуге тиіс

19. Мәліметтерді толықтыру және мүдделі тұлғалармен Одақтың ТБ-ға өтініміне дау айту кезінде мәліметтерді ұсыну рәсімдері тобының келтірілген сипаттамасы 3-суретте ұсынылған.



3-сурет. Мәліметтерді толықтыру және мүдделі тұлғалардың Одақтың ТБ-ға өтініміне дау айту кезінде мәліметтерді ұсыну рәсімдері тобының жалпы схемасы

20. Мәліметтерді толықтыру және мүдделі тұлғалар Одақтың ТБ өтініміне дау айту кезінде мәліметтерді ұсыну рәсімдерінің тобына кіретін жалпы процесс рәсімдерінің тізбесі 3-кестеде келтірілген.

3-кесте

Мәліметтерді толықтыру және мүдделі тұлғалар Одақтың ТБ өтініміне дау айту кезінде мәліметтерді ұсыну рәсімдерінің тобына кіретін жалпы процесс рәсімдерінің тізбесі

Кодтық белгіленуі	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
P.SP.02.PRC.008	мүдделі тұлғаның өтінішін ұсыну	рәсім мүдделі тұлғаның өтініштерін Одақтың ақпараттық порталында жариялауды, сондай-ақ беру ведомствосының ұлттық патенттік ведомстволарға тиісті мәліметтерді беруін қамтамасыз етуге арналған
P.SP.02.PRC.009	мүдделі тұлғаның өтінішіне қатысты өтініш берушінің дәлелдерін ұсыну	рәсім мүдделі тұлғаның өтінішіне қатысты өтініш берушінің дәлелдерін Одақтың ақпараттық порталында жариялауды, сондай-ақ беру ведомствосының ұлттық патенттік ведомстволарға тиісті мәліметтерді беруін қамтамасыз етуге арналған
		рәсім беру ведомствосының Комиссияға осындай мәліметтерді Одақтың ақпараттық порталында жариялау үшін айырғыштық

P.SP.02.PRC.010	айырғыштық қабілеттілігін белгілеу арқылы сатып алу дәлелдемелерін ұсыну	қабілеттілікті белгілеу арқылы сатып алу туралы дәлелдемелерді ұсынуына, сондай-ақ беру ведомствосының ұлттық патенттік ведомстволарға тиісті мәліметтерді беруіне арналған
P.SP.02.PRC.011	келісу туралы құжатты ұсыну қажеттілігі туралы хабарламаны ұсыну	рәсім ұлттық патенттік ведомствоның беру ведомствосына келісу туралы құжатты ұсыну қажеттілігі туралы хабарламаны беруіне арналған
P.SP.02.PRC.012	келісу туралы құжатты ұсыну	рәсім беру ведомствосының ұлттық патенттік ведомствоға келісу туралы құжатты ұсынуына арналған
P.SP.02.PRC.013	келісу туралы құжаттың келіп түспеуі себебі бойынша Одақтың ТБ-ға өтінімді кері қайтарып алынған деп тану туралы мәліметтерді ұсыну	рәсім беру ведомствосының ұлттық патенттік ведомстволарға және Комиссияға келісу туралы құжаттың келіп түспеуі себепті кері қайтарып алынған Одақтың ТБ-ға өтінімін тану туралы мәліметтерді беруіне арналған
P.SP.02.PRC.014	Одақтың ТБ сұрау салынатын басымдығын растайтын құжаттар туралы мәліметтерді ұсыну	рәсім беру ведомствосының ұлттық патенттік ведомстволарға және Комиссияға Одақтың ТБ сұрау салынатын басымдығын растайтын құжаттар туралы мәліметтерді ұсынуына арналған

6. Одақтың ТБ-ға өтінімді өзгерту кезінде мәліметтерді ұсыну рәсімдерінің тобы

21. Одақтың ТБ-ға өтінімді өзгерту кезінде мәліметтерді ұсыну рәсімдерін орындау (P.SP.02.PLR.003) Нұсқаулықта белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

Беру ведомствосы Одақтың тауар белгісіне өтінімді тауар белгісін тіркеуге арналған ұлттық өтінімге өзгерту туралы өтінішхат беруді қанағаттандырған кезде "Одақтың ТБ-ға өтінімі бойынша іс қағаздарын жүргізуді тоқтату туралы хабарламаны ұсыну" (P.SP.02.PRC.015) рәсімі орындалады, оны орындау нәтижелері бойынша беру ведомствосы Одақтың ТБ-ға өтінімі бойынша іс қағаздарын жүргізудің тоқтатылғаны туралы ұлттық патенттік ведомстволарды хабардар етеді.

Беру ведомствосы Одақтың тауар белгісіне өтінімді тауар белгісін тіркеуге арналған ұлттық өтінімге өзгерту туралы өтінішхат беруді қанағаттандырған кезде "Одақтың ТБ-ға өтінімін ТБ тіркеуге арналған ұлттық өтінімге өзгерту туралы өтінішхатты ұсыну" (P.SP.02.PRC.016) рәсімі орындалады, оны орындау нәтижелері бойынша беру ведомствосы ұлттық патенттік ведомствоға тиісті мәліметтерді ұсынады, онда өтініш беруші тауар белгісін тіркеуге арналған ұлттық өтінімге өзгерту рәсімін жүзеге асыруды сұрайды.

Ұлттық патенттік ведомство беру ведомствосынан Одақтың тауар белгісіне өтінімді тауар белгісін тіркеуге арналған ұлттық өтінімге өзгерту туралы өтінішхатты, Одақтың тауар белгісіне өтінімнің электрондық көшірмесін және оған қатысты барлық құжаттарды алған кезде "Одақтың ТБ-ға өтінімін ТБ тіркеуге арналған ұлттық өтінімге өзгерту туралы мәліметтерді ұсыну" (P.SP.02.PRC.017) рәсімі орындалады, оны орындау нәтижелері бойынша ұлттық патенттік ведомство Одақтың тауар белгісіне өтінімді тауар белгісін тіркеуге арналған ұлттық өтінімге өзгертуді жүзеге асырады және мұндай өзгерту туралы мәліметтерді (басымдық күнін сақтай отырып) Одақтың ақпараттық порталында жариялайды.


Беру ведомствосы Одақтың ұжымдық белгісіне берілетін өтінімді Одақтың тауар белгісіне берілетін өтінімге өзгерту туралы өтінішхат беруді қанағаттандырған кезде "Одақтың ұжымдық белгісіне берілетін өтінімді Одақтың ТБ өтініміне өзгерту туралы мәліметтерді ұсыну" (P.SP.02.PRC.018) рәсімі орындалады, оны орындау нәтижелері бойынша беру ведомствосы ұлттық патенттік ведомстволарға және Одақтың ақпараттық порталында жариялау үшін Комиссияға тиісті мәліметтерді ұсынады.

Беру ведомствосы Одақтың тауар белгісіне өтінімді Одақтың ұжымдық белгісіне берілетін өтінімге өзгерту туралы өтінішхат беруді қанағаттандырған кезде "Одақтың ТБ-ға өтінімін Одақтың ұжымдық белгісіне өтінімге өзгерту туралы мәліметтерді ұсыну" (P.SP.02.PRC.019) рәсімі орындалады, орындау нәтижелері бойынша беру ведомствосы тиісті мәліметтерді ұлттық патенттік ведомстволарға және оларды Одақтың ақпараттық порталында жариялау үшін Комиссияға ұсынады.

Мәліметтерді ұсыну Ұлттық патенттік ведомстволар арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес жүзеге асырылады.

Ұсынылатын мәліметтердің форматы мен құрылымы электрондық құжаттардың және мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуге тиіс

22. Одақтың ТБ-ға өтінімді өзгерту кезінде мәліметтерді ұсыну рәсімдері тобының келтірілген сипаттамасы 4 суретте көрсетілген.



4-сурет. Одақтың ТБ-ға өтінімді өзгерту кезінде мәліметтерді ұсыну рәсімдері тобының жалпы схемасы

23. Одақтың ТБ-ға өтінімді өзгерту кезінде мәліметтерді ұсыну рәсімдерінің тобына кіретін жалпы процесс рәсімдерінің тізбесі 4-кестеде келтірілген.

4-кесте

Одақтың ТБ-ға өтінімді өзгерту кезінде мәліметтерді ұсыну рәсімдерінің тобына кіретін жалпы процесс рәсімдерінің тізбесі

Кодтық белгіленуі	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
P.SP.02.PRC.015	Одақтың ТБ-ға өтінімі бойынша іс қағаздарын жүргізуді тоқтату туралы хабарламаны ұсыну	рәсім беру ведомствосының ұлттық патенттік ведомствоға Одақтың ТБ өтінімі бойынша іс қағаздарын жүргізуді тоқтату туралы хабарламаны ұсынуына арналған
		рәсім ведомствоның ұлттық патенттік ведомствоға Одақтың ТБ өтінімін ТБ тіркеуге арналған ұлттық өтінімге өзгерту туралы

P.SP.02.PRC.016	Одақтың ТБ-ға өтінімін ТБ тіркеуге арналған ұлттық өтінімге өзгерту туралы өтінішхатты ұсыну	өтінішхат беруіне арналған, онда өтінім беруші тауар белгісін тіркеуге арналған ұлттық өтінімге өзгерту рәсімін жүзеге асыруды сұрайды
P.SP.02.PRC.017	Одақтың ТБ-ға өтінімін ТБ тіркеуге арналған ұлттық өтінімге өзгерту туралы мәліметтерді ұсыну	рәсім Одақтың ТБ өтінімін ТБ тіркеуге арналған ұлттық өтінімге өзгерту туралы мәліметтерді Одақтың ақпараттық порталында жариялауды қамтамасыз етуге арналған
P.SP.02.PRC.018	Одақтың ұжымдық белгісіне берілетін өтінімді Одақтың ТБ өтініміне өзгерту туралы мәліметтерді ұсыну	процедра рәсім беру ведомствосының Одақтың ұжымдық белгісіне берілетін өтінімді Одақтың ТБ өтініміне өзгерту туралы мәліметтерді Одақтың ақпараттық порталында жариялау үшін Комиссияға беруіне, сондай-ақ беру ведомствосының ұлттық патенттік ведомстволарға тиісті мәліметтерді беруіне арналған
